

«Әрі ғажайып, әрі оңай» компьютерлік графика жұмыстары бойынша республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Компьютерлік графика жұмыстары бойынша «Әрі ғажайып, әрі оңай» республикалық интернет-байқауын жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында ұйымдастыру және қашықтықтан өткізу ережелері (бұдан әрі – Байқау) байқауды өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

Мақсаты – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту, ақпараттық технологияларды тәжірибелік қызметте белсенді қолдануға оларды тарту.

Міндеттері:

1) білім алушылардың ақпараттық және компьютерлік технологиялар саласында шығармашылық белсенділігін ынталандыру;

2) қатысушылардың компьютерлік графикада жұмыс жасау дағдыларын дамыту;

3) оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейту үшін білім алу үдерісінде компьютерлік бағдарламаларды қолдану қызығушылығын арттыру.

2. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

3. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

4. Байқау **2016 жылғы 20 қаңтардан 12 наурызға** дейін балаларға арналған **www.ziyatker.org** ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

5. Байқау жұмыстары **info.do@list.ru** электронды поштасына **2016 жылғы 2 наурызға** дейін келесі нысан бойынша қабылданады.

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Облыс	Қала, ауыл	Номинация, жұмыстың аталуы	Білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	Жетекшінің толық аты-жөні	Байланыс телефондары

Анықтама телефондары: **8 (7172) 24 93 12** («Әрі ғажайып, әрі оңай» байқауы). 8 702 923 57 51 Ғалиахмет Ришатұлы.

6. **2016 жылғы 2 наурыздан кейін** түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

7. Байқауға түскен жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

8. Байқауға қатысу үшін - **1000 (бір мың)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»
РМҚК (Резидент)

БИН 990140004733

ИИК KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО БанкЦентрКредит

Төлемақының мақсаты: «**Әрі ғажайып, әрі оңай**» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөні, тегі міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасын) сканерден өткізіп, info.do@list.ru электронды пошта арқылы жіберу қажет.

9. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2016 жылғы 12 наурызда** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

3. Байқау талаптары

10. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 8-18 жас аралығындағы білім алушылары келесі жас санаттары бойынша қатысады.

8-10 жастағы кіші санат;

11-14 жастағы орташа санат;

15-18 жастағы ересек санаты.

11. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

1. «Сурет» - байқау тақырыбы бойынша кез келген графикалық редактор көмегімен толық өз бетінше орындалған растрлық немесе векторлық суреттер; сканерленген жұмыс конкурсқа қабылданбайды.

2. «Коллаж» - бөлек тұрған суреттердің фрагменттері қатарынан толық суреттер құру және негізгі түске басқа да графикалық элементтерден әртүрлі композицияларды араластырып қою арқылы сурет жасау.

3. «Анимация» - кез келген бағдарламалық тәсілдің көмегімен толығымен өз бетінше жасалған анимациялық суреттер.

Барлық байқау жұмыстары Paint, Adobe Photoshop және тағы басқа графикалық редакторда орындалуы тиіс. Байқауға JPEG, PNG немесе GIF форматта электронды нұсқада жұмыстар жіберіледі. Суреттің өлшемі: 800x800 - 1200x1200 px. Бір файлда бір сурет болуы керек, келесі файлды жүктеу қажет емес (мысалы, векторлық суретті JPEG форматта растрлық суретке өзгертуге, ал анимациялық суретті GIF форматта жасау керек).

12. Номинацияларға келесі тақырыптар ұсынылады:

- 1) «Демалыс қаласы»;
- 2) «Экспо - 2017 және жастар»;
- 3) Әлемдегі ақпараттық технологиялар»;
- 4) «Менің болашақтағы мамандығым»;
- 5) «Еркін тақырып».

13. Байқауға бір қатысушыдан бір номинация бойынша бір жұмыс қабылданады. Бір қатысушы әртүрлі номинацияда әртүрлі жұмыстармен қатысуына болады. Әр номинация бойынша төлемақы жеке жұмыс ретінде қабылданады.

14. Бағалау өлшемдері:

- 1) берілген байқаудың тақырыбы, мақсаты мен міндеттеріне жұмыстың сәйкес келуі;
- 2) жұмыстың жаңашылдығы, түпнұсқалығы;
- 3) жұмыстың техникалық орындалуының күрделілігі мен сапасы;
- 4) туындының көркемдік деңгейі, элементтерді ресімдеу дизайны, түстердің үйлесімді келісуі, композициялық шешімнің сапасы, келешегінің болуы.

15. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

16. Байқаудың қорытындысы бойынша Әділқазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды.

Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады, қатысушыларға сертификаттар беріледі.

17. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org → орталық қызметі → республикалық іс-шаралар сайт парақшаларында жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады.